



№34 (8974),  
жұма, 1 қыркүйек  
2023 жыл

Eskeldi\_eli@mail.ru

Эскелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.

## Алдағы 5 жылда Қазақстан экономикасының орташа жылдық өсімі 5,8% деңгейінде болжанып отыр



**ҚР Үкіметінің отырысында Қазақстанның 2024-2028 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамы, сондай-ақ республикалық бюджеттің және Ұлттық қордан 2024-2026 жылдарға арналған трансферттердің параметрлері қаралды.**

Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров республиканың даму болжамы халықаралық қаржы ұйымдарының әлемдік экономиканың өсуі бойынша болжамдарын, сыртқы нарықтардағы конъюнктураны ескере отырып, қалыптастырылды. Барлығы үш сценарий қаралып жатыр – базалық, оптимистік және пессимистік.

Базалық сценарий кезінде мұнайдың орташа бағасын барреліне \$80 деңгейінде алу ұсынылады. Болжам бойынша 5 жыл ішінде ЖІӨ-нің орташа жылдық өсуі 5,8%-ды құрайды. Инфляция 2024 жылы 6-8%, 2025 жылы 5,5-7,5% деңгейінде айқындалды, кейіннен 2026–2028 жылдары 5%-ға дейін төмендейді.

2024 жылы ЖІӨ-нің нақты өсуі 5,3%-ды құрайды, кейін 2028 жылы 6%-ға дейін өседі. Номиналды ЖІӨ 2024 жылғы 135 трлн теңгеден 2028 жылы 218,5 трлн теңгеге дейін өседі.

Жалпы экономиканың барлық базалық саласында өсім күтілуде.

Мәселен, өнеркәсіпте орташа жылдық өсу қарқыны 4%-ды, оның ішінде өңдеу өнеркәсібінде 4,9%-ды, тау-кен өндіру өнеркәсібінде 3,1%-ды құрайды. Ауыл шаруашылығының жалпы өнімі көлемінің орташа жылдық өсімі 4,5%-ды құрайды. Құрылыс саласындағы өсім болжам бойынша орта есеппен 8,8%-ды, саудада 7,4%-ды құрайды.

Экспорт көлемі 2024 жылы \$83,1 млрд-тан 2028 жылы \$94,8 млрд-қа дейін ұлғаяды, импорт \$60,7 млрд-тан \$65,6 млрд-қа дейін өседі.

2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджет жобасы туралы ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – қаржы министрі Ерұлан Жамаубаев баяндама жасады. Оның айтуынша, 2024 жылы түсімдер 20,4 трлн теңге деңгейінде болжануда, ал шығыстар 2023 жылға қарағанда, 1,5 трлн теңгеге өсіп, шамамен 24 трлн теңгеге дейін ұлғаяды деп жоспарлануда. Бюджет шығыстарының негізгі үлесі әлеуметтік салаға тиесілі.

Келесі жылы Ұлттық қордан 3,6 трлн теңге көлемінде трансферттер тартылатын болады. Бұл қаражат әлеуметтік маңызы бар инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға жұмсалады. Бұл автожолдарды, жылу, газ және сумен жабдықтау желілерін, инженерлік желілерді жаңғыртуға, сондай-ақ

«Жайлы мектеп» және «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобалары аясында әлеуметтік нысандар салуға қатысты.

Премьер-Министрдің айтуынша, үш жылдық кезеңге арналған республикалық бюджет жобасы, ең алдымен, мемлекеттің барлық әлеуметтік міндеттемесін толық және уақытылы орындауға, сондай-ақ экономиканың сапалы және орнықты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Мұнайға деген ең төменгі бағаны ескере отырып, Ұлттық қорға кепілдендірілген трансферт мұнай секторынан түсетін түсімдер көлемінен аспайтын болады. Оған қоса бюджет шығыстарының өсуі инфляцияны ескере отырып, ұзақ мерзімді экономикалық өсудің орташа деңгейінен аспайды.

**«Жалпы жан-жақты ойластырылған әрі теңгерімді бюджет жобасы қалыптастырылды. Ол бұрынғыдай әлеуметтік бюджет болып қала береді. 2024 жылғы әлеуметтік салаға 9,9 трлн теңге көзделіп отыр»,** — деді Әлихан Смайылов.

Үкімет басшысы экономиканың нақты секторында өңдеу өнеркәсібін дамытуға, бизнесті қолдауға, келік инфрақұрылымын дамытуға және газдандыруға басымдық берілетінін айтты.

**«Жалпы аталған салаларға 2024 жылы 2,8 трлн теңге бөлу жоспарлануда. Біздің алдымызда тұрған маңызды міндет – бюджет қаражатын барынша тиімді пайдалану»,** — деді Үкімет басшысы.

Ұсынылған құжаттар бойынша дауыс беру рәсімінен кейін Әлихан Смайылов заң жобаларын және Әлеуметтік-экономикалық даму болжамын ҚР Парламентіне енгізуді қамтамасыз етуді тапсырды.

primeminister.kz

## Қазақстанда 2028 жылға қарай ЖІӨ-нің 6%-ға өсуі болжанып отыр



**ҚР Үкіметінің отырысында Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының 2024-2028 жылдарға арналған болжамы, сондай-ақ 2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджет пен Ұлттық қордан берілетін трансферттердің параметрлері қаралды. ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – қаржы министрі Ерұлан Жамаубаев, ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров, ҚР Ұлттық банкінің төрағасы Ғалымжан Пірматов баяндама жасады.**

**«Бүгін қарауға Елдің 2024–2028 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамының жобасы және «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2024–2026 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт заңының жобасы енгізіліп отыр. Болжам халықаралық қаржы ұйымдарының әлемдік экономиканың өсуі бойынша болжамдарын, сыртқы нарықтардағы конъюнктураны ескере отырып, қалыптастырылды»,** — деді Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров.

ЖІӨ болжамдарына сәйкес әлемдік экономика 2024 жылы 3% деңгейінде өсетін болады. Консенсус-болжамға сәйкес 2024 жылы мұнайдың әлемдік бағасы барреліне \$80-ды құрайды. Сыртқы параметрлердің өзгеруіне байланысты дамудың үш сценарийі (базалық, оптимистік және пессимистік) қаралды.

Базалық сценарий кезінде мұнайдың орташа бағасын барреліне \$80 деңгейінде алу ұсынылады. Болжам бойынша 5 жыл ішінде ЖІӨ-нің орташа жылдық өсімі 5,8%-ды құрайды. Инфляция 2024 жылы 6-8%, 2025 жылы 5,5-7,5% деңгейінде айқындалды, кейіннен 2026–2028 жылдары 5%-ға дейін төмендейді. 2024 жылы ЖІӨ-нің нақты өсуі 5,3%-ды құрайды, кейін 2028 жылы 6%-ға дейін өседі. Номиналды ЖІӨ 2024 жылғы 135 трлн теңгеден 2028 жылы 218,5 трлн теңгеге дейін өседі.

Экономиканың барлық базалық саласында өсім күтілуде.

Мәселен, өнеркәсіпте орташа жылдық өсу қарқыны 4%-ды, оның ішінде өңдеу өнеркәсібінде 4,9%-ды, тау-кен өндіру өнеркәсібінде 3,1%-ды құрайды. Ауыл шаруашылығының жалпы өнімі көлемінің орташа жылдық өсімі 4,5%-ды құрайды. Құрылыс саласындағы өсім болжам бойынша орта есеппен 8,8%-ды, саудада 7,4%-ды құрайды.

Экспорт көлемі 2024 жылы \$83,1 млрд-тан 2028 жылы \$95 млрд-қа дейін ұлғаяды, импорт \$60,7 млрд-тан \$65,6 млрд-қа дейін өседі. Макроэкономикалық көрсеткіштер болжамының негізінде 2024–2026 жылдарға арналған бюджеттік параметрлер болжамы қалыптастырылды. Республикалық бюджеттің кірістері болжам бойынша 2024 жылы 16,1 трлн теңгеге құрайды, бұл ЖІӨ-нің 12%-ын, 2025 жылы 17,4 трлн теңге немесе ЖІӨ-нің 11,4%-ын, 2026 жылы 18,4 трлн теңге немесе ЖІӨ-нің 10,7%-ын құрайды.

**«2024 жылы ұлттық ауқымдағы әлеуметтік маңызы бар және стратегиялық маңызды инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыру үшін Ұлттық қордан 1,6 трлн теңге көлемінде нысаналы трансферт тарту жоспарланып отыр. 2024 жылғы бюджет тапшылығын 2025–2026 жылдары ЖІӨ-нің тиісінше 2,4%-ына және 2,3%-ына дейін төмендете отырып, ЖІӨ-нің 2,6%-ы деңгейінде айқындау ұсынылады»,** — деді Әлібек Қуантыров.

Мұнайға қатысты емес тапшылық деңгейі 2024 жылы ЖІӨ-нің 6,5%-ынан 2026 жылы ЖІӨ-нің 4,6%-ына дейін төмендейді деп болжануда. Осыны ескере отырып, республикалық бюджет шығыстары 2024 жылғы 24 трлн теңге көлемінде болжануда, яғни ЖІӨ-нің 17,8%-ын, 2025 жылы 23,8 трлн теңге немесе ЖІӨ-нің 15,6%-ын, 2026 жылы 25,2 трлн теңге немесе ЖІӨ-нің 14,6%-ын құрайды.

Сонымен қатар қарауға «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2024–2026

## Аудандық мәдениет үйінде Конституция күніне арналған салтанатты жиын өтті



**Мерекелік кеште әнұранымыз шыркалып, аудан әкімі Елдос Ахметов жиналған халықты мерейлі мерекемен құттықтап, Конституция қабылдау арқылы мемлекетіміз өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырғанын, оның ең қымбат қазынасы — адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп айқындалғанын атап өтті.**

Аудан әкімі іс-шара барысында ауданымыздың дамуы мен өркендеуіне үлес қосқан бір топ азаматқа «Эскелді ауданының құрметті азаматы» орденімен мара-

паттады және ел демографиясына үлес қосқан анамызға «Алтын алқа» табыстады, сондай-ақ әр саланың үздіктерін алғыс хатпен марапаттады.

Салтанатты шара ауданымыздың мәдениет майталмандарының арнайы дайындаған концерттік бағдарламасына жалғасты.

**30 ТАМЫЗ КОНСТИТУЦИЯ КҮНІ МЕРЕКЕСІНІҢ ҚҰРМЕТІНЕ АЛҒЫС ХАТПЕН МАРАПАТТАЛҒАНДАР ТІЗІМІ:**

1. Бегайдаров Алмас Оразбекович - ТОО «KBS GAZ» Директоры
  2. Әшімов Қанағат Ахметұлы - Аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің инженері
  3. Мадыбеков Даурен Нұртасұлы - Аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің өрт сөндірушісі
  4. Максұтова Гулзада Каримовна-Волонтер
  5. Тагирова Эльвира Сериковна-Волонтер
  6. Ли Мадина-Волонтер
  7. Муратбаева Камилла Манатовна-Волонтер
  8. Костаева Назым Алимовна - Волонтер
- «Эскелді ауданының құрметті азаматы» атағымен марапатталғандар

1. Тулеуов Сатыбалды Демесинвич 2002 жылдан бүгінгі күнге дейін Эскелді ауданында аудандық ауыл шаруашылық және мемлекеттік мекемелерінің қызметкерлері кәсіподағының төрағасы қызметін атқарып келеді

2. Байчапанов Алтай Нурғалиевич 2004 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін ауыл шаруашылығы жануарларын қолдан ұрықтандыру жөніндегі нұсқаушы болып жұмыс істейді

3. Тәжікеев Жеңіс Сыдықұлы «Тәжікеев Ж.С.» шаруа қожалығының басшысы

4. Есимов Тоқтар Есимұлы



# ҚАЗАҚСТАНДА 2028 ЖЫЛҒА ҚАРАЙ ЖІӨ-НІҢ 6%-ҒА ӨСУІ БОЛЖАНЫП ОТЫР

Басы 1-бетте

жылдарға арналған кепілдендірілген туралы» заң жобасы енізіледі. Заң жобасында мұнайдың кесімді бағасы 2024 жылы барреліне \$43,4, 2025-2026 жылдары барреліне \$40,2-41,8 деңгейінде белгіленген.

«Осыны ескере отырып, мемлекеттік қаржының теңгерімділігін қалпына келтіру үшін 2024-2026 жылдары республикалық бюджетке кепілдендірілген трансферттің мөлшері жыл сайын 2 трлн теңге сомасында айқындалды. Біздің болжамдарымыз бойынша орта мерзімді кезеңде Ұлттық қордан алып қоюдың жоғарғы шегін белгілеу фискалдық тәртіпті арттыруға және Ұлттық қордың жинақтау функциясын күшейтуге мүмкіндік береді», — деді Ұлттық экономика министрі.

Мәселен, Ұлттық қорға түсетін түсімдердің жалпы көлемі 2024 жылы 7,5 трлн теңге, 2025 жылы 8,3 трлн теңге, 2026 жылы 8,3 трлн теңге көлемінде болжанады. Ұлттық қордың таза қаражаты 2024 жылы 3,9 трлн теңге, 2025 жылы 6,3 трлн теңге, 2026 жылы 6,3 трлн теңге көлемінде жоспарлануда. Трансферттерді жоспарлы пайдалануды, сондай-ақ қорды басқаруға байланысты шығыстарды ескере отырып, Ұлттық қордың валюталық активтері 2024 жылы \$68,0 млрд, 2025 жылы \$80,7 млрд және 2026 жылы \$93,3 млрд көлемінде болжанады.

Сонымен қатар, министрдің айтуынша, 2024–2026 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы заң жобасын іске асыру мақсатында «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2022–2024 жылдарға арналған нысаналы трансферттер бөлу туралы» Президенттің Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» қаулысының жобасы әзірленді. Жобада нысаналы трансфертті 2024 жылы 400 млрд теңгеден 1,6 трлн теңгеге дейін ұлғайту көзделіп отыр.

«2024–2028 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы, “Ұлттық қордан 2024–2026 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы” заң және “Ұлттық қордан 2022–2024 жылдарға арналған нысаналы трансферттер бөлу туралы” Жарлыққа өзгеріс енгізу жобаларын қолдауларыңызды сұраймын», — деді Әлібек Қуантыров.

деп күтілуде. Төлем балансының ағымдағы шоты әлемдік шикізат тауарлары бағасының өзгеруіне сезімтал болуын жалғастырып келеді.

Ұлттық банк төрағасының мәлімдеуінше, орта мерзімді перспективада төлем балансының әдіснамасы бойынша тауар экспорты мұнай өндіру көлемінің ұлғаюымен айқындалады. Газды ішкі тұтынуға бағыттау, сондай-ақ металдың, көмір мен астықтың және дайын мұнай өнімінің бағасы төмен болуының сценарийлік болжамы экспорттың өсуін тежейтін фактор болады. Тауар импорты болжамды кезеңде халық пен бизнес тарапынан сұраныстың арту есебінен өсе түседі.

«Ұлттық банк инфляцияны одан әрі төмендетуге және макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған ақша-кредит саясатын іске асыра береді. Фискалдық саясат тарапынан контрациклдік бюджеттік ережелерді бұлжытпай сақтау маңызды. Бұл өз кезегінде макроэкономикалық саясаттың үйлесімін арттыра түседі», — деді Ұлттық банк төрағасы Ғалымжан Пірматов.

Одан кейін ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – қаржы министрі Ерұлан Жамаубаев баяндама жасады.

«Қарауға “2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы” заң жобасы ұсынылып отыр. Заң жобасы Бюджет кодексіне сәйкес елдің 2028 жылға дейінгі әлеуметтік-экономикалық даму болжамы негізінде әзірленген», — деді Е. Жамаубаев.

Бюджет параметрлері кепілдендірілген трансферт, шығыстардың өсу қарқыны мен бюджет тапшылығын ескере отырып, бюджет заңнамасында белгіленген қағидаларға сәйкес орындалды. Атап айтқанда, 2024 жылға арналған түсімдер 20,4 трлн теңге деңгейінде болжанып отыр.

Министрдің айтуынша, келесі жылы Ұлттық қордан 3,6 трлн теңге көлемінде трансферттер тартылатын болады. Бұл қаражат әлеуметтік және маңызы бар инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға бағытталады. Яғни жолдарды, жылу, газ, сумен жабдықтау желілерін, инженерлік желілерді жаңғырту, сондай-ақ «Жайлы мектеп» және «Ауыл денсаулығын жаңғырту» ұлттық жобалары аясында бірқатар әлеуметтік нысан құрылысы жұмыстары жүргізілмек. Жалпы бұл жобалар Мемлекет басшысының бастамалары мен тапсырмаларына және «Аманат» партиясының сайлауалды бағдарламасындағы міндеттерге сәйкес келеді.



факторлары келесідей: -әлеуметтік төлемдерді: зейнетақы, жәрдемақы, стипендияларды индексстеу; -әйелдер үшін зейнеткерлік жасын 61 жас деңгейінде қалдыру;

-бала күтімі бойынша кезеңді 1,5 жасқа дейін ұлғайту; -гранттар саны мен стипендия мөлшерін ұлғайту; -азаматтық қызметшілерге, мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу педагогтеріне еңбекақы төлеуді ұлғайту; -халық санының өсуі мен науқастар санының ұлғаюын ескере отырып, тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі мен міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аясында халықты медициналық көмекпен қамтуды ұлғайту.

2024 жылға экономиканың нақты секторын қолдауға 2,8 трлн теңге көзделген. Бұл бағыттың басымдықтары:

-өңдеу өнеркәсібін дамыту; -өңірлерде жалғасып жатқан инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру; -кәсіпкерлікті, шағын және орта бизнесті дамыту және қолдау; -көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарына жеңілдікпен несие беру; -«Ауыл аманаты» жобасын және Солтүстік Қазақстан облысы тәжірибесін кеңінен қолдану үшін ірі инвестициялық жобаларды іске асыруға халыққа шағын несие беру.

Күш құрылымдарының шығыстары 2,6 трлн теңге көлемінде жоспарланып отыр. Оның ішінде ең бастылары – Ұлттық қауіпсіздік стратегиясын іске асыру; мемлекеттік қорғаныс тапсырары; азаматтық қорғау органдарының қызметкерлеріне, ескери қызметшілердің кейбір санаты мен жоғары оқу орындары оқытушыларының еңбекақысын арттыру; ішкі істер органдарын қосымша материалдық-техникалық жарақтандыру.

«Жалпы мемлекеттің қорғаныс қабілеті мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құқықтық тәртіпті қорғау және ішкі тұрақтылықты сақтау жөніндегі іс-шаралар толық көлемде іске асырылатын болады. 2024 жылы бюджеттің жалпы мемлекеттік шығыстары 7,8 трлн теңгені құрайды. 2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджет жобасының негізгі бағыттары осындай», — деді ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – қаржы министрі Ерұлан Жамаубаев.

# МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІ ЦИФРЛАНДЫРУ

Мемлекеттік қызметтерді цифрландыру (автоматтандыру) бағытына қазір қаражат жұмсалғанымен, ол жақын болашақта өзін-өзі артығымен ақтайды. Қазіргі заманда талап пен сұраныс, жаңа технологияларға деген қажеттілік бұрыннан бетер артып келеді. Сонымен қатар, өзгерістердің жылдамдығы көзге ілеспейді деген артық айтқандық емес. Сол себепті, «Заманың түлкі болса, тазы болып шал» деген дана халқымыз айтпақшы, көшке біз де ілесіп, артта қалмаудың қамын ойлап келеміз. Бұл ретте, мемлекет тарапынан мемлекеттік қызметтер саласын, жалпы барлық саланы цифрландыру мақсатында «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы дер кезінде қабылданды. Қазірдің өзінде мемлекеттік қызметтердің 90 %-дан астамы автоматтан-дырылды. Дегенмен, осы бағыттағы жұмысты жеделдету қажеттілігі баршамызға мәлім.

Бұл ретте, тек мемлекетке салмақ салудан арылып, бұл іске басқа да институттарды тартқан (коммерциялық ұйымдар, қаржылық ұйымдар, бизнес т.б.) жөн.

Атап айтқанда, Kaspi.kz, Halyk қаржылық ұйымдарының халыққа өз қызмет түрлерін мейлінше оңай, тиімді саналы көрсетуі ешкімде күмән тудырмайды.

Мемлекеттік қызметтерді цифрландыру үшін де осындай институттарды барынша пайдалануға болады. Бүгінгі күні, Kaspi.kz пен ЦДМИАОМ Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен бірлесе отырып жеке кәсіпкерді тіркеу, автомобильдерді тіркеу сияқты мемлекеттік қызметтерді сәтті Kaspi мобильдік қосымшасында іске қосты.

Мен, бұл «бірінші және соңғы жоба» емес екендігіне үлкен сенім білдіремін. Осы тәрізді жобаларды үкіметтік емес ұйымдар мен институттамалар бірге жүзеге асыру, бір жағынан мемлекеттік бюджетке де салмақты анағұрлым азайтады.

Барынша электрондық түрде қызмет көрсетілсе, соншалықты ашықтық, айқындық, тазалық қамтамасыз етіледі. Сондай-ақ халықпен кері байланыс орнату, халық үніне құлақ асатын мемлекеттік басқару жүйесі жетіле түседі.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевта ерқашан көңіл бөліп келеді. Оның дәлелі, жыл сайынғы жолдауында мемлекеттік қызметтер мәселелері ерекше орын алады, аталып өтеді.

Менің ойымша, «жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, барлық қоғам өкілдері бұл мәселеде бастамашылдық танытып, өз ұсыныстарын жолдау қажет.

А.КУЛАХМЕТОВ,  
Қоңыр ауылдық округінің әкімі




# ЕСКЕЛДІ АУДАНЫ БОЙЫНША ДӘНДІ МАСАҚТЫ ДАҚЫЛДАРДЫҢ ӨНІМІН ЖИНАУ ЖӘНЕ ҚЫСҚА ЖЕМ-ШӨП ДАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ



Аудан бойынша 32754,2 гектар дәнді масақты дақылдарды себіліп, бүгінгі күнге 11363,2 гектар бидайдың 11000 гектары шабылып 96% орындалды, 16833 гектар арпаның 12900 гектары шабылып 77% орындалды.

Тонна шөптің 96,4 мың тоннасы дайындалып 89% орындалды, 12,8 мың тонна пішендеме 12,7 мың тоннасы дайындалып 99% орындалды, 25,5 мың тонна сабанның 14,2 мың тоннасы дайындалып 55% орындалды, 27,3 мың тонна мал азықтығы жемнің 12,3 мың тоннасы дайындалып 45% орындалды. Мал азығын дайындау жұмыстары қарқынды түрде жүргізілуде.

# АЛАШТЫҢ АТПАЛ АЗАМАТЫ



**Қазақ еліне, жұртына адал қызмет еткен, елінің болашағы үшін тағдырын таразыға тартқызып азаматын бүгінгі ұрпақ біліп өсуі тиіс. Әңгіме арқауы – Алаш қайраткері, ұлттық мәдениет, ағарту ісінің белгілі қайраткері, әдебиеттің өртүрлі жанрында қалам тербеген публицист, сайыпқыран сатирик Біләл Сүлейұлы жайлы. Біләл Сүлейұлының туғанына биыл 130 жыл толып отыр. Ол кешегі Сталин-Голощекиндік заманда өуре-сарсаңға түсіп, НКВД-ның оғынан опат болып өлім құшқан азаматтың бірі.**

Біләл Сүлейұлы 1893 жылы Ақсу ауданы, Қапал ауылында дүниеге келген.

Алғашқы білімді әкесі Сүлей Майлыұлынан алған. 1911 жылы өзі туған өңірде ашылған «Мамания» мектебін бітірген. Бірер жыл оқыған зерек баланы осы оқу орнын ұйымдастырушылардың бірі Есенғұл Маманұлы болыс өз қаражатымен «Ғалия» медресесіне оқуға жіберген. 1913 – 1916 жылдары Орынбордағы мұғалімдер семинариясын бітірген. 1916 жылы маусым жарлығына ілігіп, қара жұмысқа

алынған қазақтарға мыңбасы болып Минск қаласына барады. 1916 – 1918 жылдары Қапалдағы татар мектебінде оқу ісін басқарушы болып қызмет етті. 1918 – 1927 жылдары халықты жаппай сауаттандыру ісімен айналысып, Жетісу өлкесіндегі қазақ ауылдарында екі жылдық бастауыш мектеп, аудан орталықтарында жеті жылдық орталау мектеп, облыста тоғыз жылдық орта мектеп ашуға мұрындық болды. Бұл мектептерде кейбір пәндер орыс тілінде оқытылған. Сүлейұлы енгізген

бұл тәжірибе Жетісудағы қазақ жастарының Кеңес Одағының барлық қалаларындағы жоғары оқу орындарына оқуға түсулеріне мүмкіндік берді. 1928 – 1929 жылдары Ақтөбе облысы оқу бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарды. 1930 жылдары Қазақстанның кейбір қалалары территориялық бөлініске байланысты өзге елдердің құрамына енгендіктен, Наркомпростың жоғары оқу орындары жөніндегі маманы қызметін атқаратын Біләл Орынбор мен Ташкенттегі қазақ институттарына елге қайтарады. Орынбордағы мұғалімдер институтын Оралға, Ташкенттегі мұғалімдер институтын Семейге көшіріп алады. Екі институтты белгіленген қалаларына көшіріп, өзі директорлық (ректор) қызметін атқарған. Семей педагогикалық институтының ректоры болып тұрғанында, яғни, 1930 жылдың тамыз айында қамауға алынып, НКВД-ның түрмесінде екі жыл отырып шығады. 1932 жылдың бесінші қыркүйегінде түрмеден шығып босаған соң, өз еркімен Қазақстаннан Мәскеуге жан сауғалап қоныс аударған. Мәскеудегі өндіріс орындарының бірінде мәдени-ағарту

қызметі бойынша еңбек еткен. 1934 жылдан 1937 жылға дейін Біләл Қарақалпақ автономиясы, КСР-нің Халық ағарту ісі бойынша комиссары секілді жоғары лауазымды қызметтің тізгінін ұстаған. НКВД 1937 жылдың соңына қарай қайраткерді екінші рет репрессиялап, ату жазасына кескен.

Біләлдің артында қалған мұралары өте аз. Бірақ, ол семинарияда оқып жүргенінде, «Қазақ», «Шура», «Уақыт», «Тілші» газеттеріне жиі мақала, сатира, өлеңдер жазып, жариялап тұрған. Оның әдеби бүркеншек есімі (лақап аты) – «Матай», «Қаптағай», «Бұйрасқа». Татардың «Шура» журналының 1916 жылы 3-санында татар ұлтшылдарына қарсы «Науширван эфенді мақаласы жайлы» атты ғылыми мақаласын жариялады. Осы журналда және татар тіліндегі «Вахит» («Уақыт») газетінде Сүлеевтің мақалалары мен өлеңдері жиі жарық көрді. Қаламгердің Алматы жатақханасының тұрмысы негізінде жазылған «Қартаға салынған қатын» атты бір перделі комедиялық шығармасы 1921 жылы қалалық театрда бірнеше рет сахналанған. 1922 жылы жазылған «Қабанбай мен Сазанбай» атты өлеңмен жазылған ұзақ сатирасы Жетісудағы алғашқы көр бөлінісіне арналған. «Қайтсең жөсем боласың», «Нақысбек», «Жұт жеті ағайынды», «Қазақ мұғаліміне», «Қазақтың 24 басалқа дыбысы», «Қыз бен жігіттің айтысы» секілді шығармалары бар.

Алаш қайраткерінің атқарған қызметі мен өнегелі ісін жастарға дәріптеу, еліне сіңірген еңбегін насихаттау мақсатында Жалғызғағаш ауылдық кітапханасында ауыл жастарының қатысуымен Біләл Сүлейұлының өмірдерегіне шолу өткізілді.

**Алма УСКЕБАЕВА,  
Жалғызғағаш ауылдық  
кітапханасының кітапханашысы**

# ТҰҚЫМДЫ ДӘРІЛЕУ ЕГУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ



**Дәрілеу – тұқымның тіршілікке икемділігін және өнімділігін, тұқым бетіндегі және ішіндегі инфекциялық ауруларды жоюды. Өскіндерді топырақта сақталған инфекциядан және көгеріп кетуден сақтайды. Өнімнің өсуіне дамуына ықпалын тигізеді. Қара күйе, септориоз, гелиментоспориоз, сары тат, ақ ұнтақ ауруларының алдын алу үшін тұқымды дәрілеп егудің маңызы зор. Тұқымды дәрілемей егу өнімнің азаюна және өсімдіктердің түрлі ауруға өкеп соғады.**

Тұқымды дәрілеу кезінде қауіпсіздік ережесін қатаң сақтаған жөн. Тұқымды арнайы орындарда дәрілеу керек, ПС-ларын, дәрілеу техникасын қолданған өте қолайлы. Дәрілеу жұмыс орынын, пестицидтердің қалдықтарын; (ыдыстарымен қаптары) залалсыздандыру қажет екендігін ескертеміз. Көлік құралдарын, қалған пестицидтерді техникалық және синтетикалық жуғыш құралы арқылы сулы ертінді

жасап тазалау керек. Пестицидтермен ластанған жерді әкпен залалсыздандырып және тапырақпен көміп тастайды.

Тұқым тірі организм, сондықтан тіршілік үдірісі үздіксіз жүріп тұрады. Тұқымның пісіп жетіліп, жиналғаннан кейінде үздіксіз тыныс алуы, ылғалдылығымен сақтау кезіндегі құрамында химиялық өзгерістер, қандай тұқымға болса да тән құбылыстар. Пісіп жетілген тұқым өз құрамынан құрғақ алу үшін қоршаған ортаға көмір қышқыл газын,

су және жылу бөліп шығарады. Тұқымның тыныс алу қарқыны сақталу жағдайының қолайлығына байланысты болады. Жарақаттанбаған, жақсы сақталған тұқымның тынысалуы бір қалыпты болса, ылғалдылығы (15% жоғары) көтерілген жағдайда тыныс алуы жиіленеді. Себебі бос судың көбеюі дәндегі биохимиялық үдірісті тездетеді, сондықтан тұқымның 14-16% ылғалдылығын қауіпті ылғалдылыққа жатады. Күзде және көктемде тұқымды себерден бұрын тазалап, фитосанитариялық сараптамадан өткізіп, дәрілеп себудің пайдасы көп екенін ескертеміз. Тұқымды дәрілеуге арналған химиялық препараттарды Қазақстан Республикасында рұхсат етілген тұқым дәрілеуге (протравители) химиялық препараттарды қолдануыңызды сұраймыз.

**Ғ.Қ.КЕРИМБАЕВ,  
Ескелді аудандық аумақтық инспекциясының  
Өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторы**

# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ БІРГЕ КҮРЕСЕЙІК



**Жемқорлық-мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет. Сыбайлас жемқорлықпен күресу бүгінгі күннің күрделі мәселесі болып отыр. Оған осы бастан тоқтау қоймаса мемлекетте тұрақты өсіп-өркендеу болмайды. Сыбайлас жемқорлықпен түбегейлі күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының сапасын арттырудың маңызы зор.**

Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу болып табылады. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі таралмауы үшін оған бөгет болудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде түбегейлі қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы және адамгершілік міндеті деп білу керек. Біз қазір жаңаша өмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз де баршылық. Ал

шешімі күрделі әлеуметтік мәселелер де бар. Қоғам е м і р і н д е түбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселе, ол-сыбайлас жемқорлық. Елімізде осы мәселеге байланысты арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан түрлі жұмыстар да баршылық. Ендеше, жас буынға жемқорлықтың теріс салдары туралы ақпаратты дұрыс жеткізу-олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің қалыптасуына, өз құқықтары мен міндеттерін терең ұғынып жете түсінудің және орындауына көмектесудің алғы шарттарының бірі болып саналады. Атап айтқанда, ол үшін ең алдымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана керек. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптасқан жағдайда ғана адам адамгершілікке жатқылықтардан бойын аулақ ұстай бастайды, заңға қайшы келетін әрекеттерді жасауға жол бермейді. Қарапайым тілмен айтатын болсақ, сыбайлас-жемқорлық-бұл қызмет дәрежесін жеке мақсатта пайдалану. Осы келеңсіз құбылыстың үдеп бара жатқаны жас ұрпақ тәрбиесін зиян болатындығы бәрімізді алаңдатады. Бұл мәселеге тереңірек үңілетін болсақ, сыбайлас жемқорлық ел болашағына, ұлттық қауіпсіздікке үлкен кесірін тигізеді. Яғни, осы келеңсіз құбылыспен күресу барша халықтың алдында тұрған ортақ мәселе екендігі айқын.

Сыбайлас жемқорлық- заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге

тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Қоғамның бақытты болашағын тежейді, елдің халықаралық беделіне нұқсан келтіреді, жұртшылықтың заң мен әділдікке, билікке деген сеніміне сызат түсіреді.


«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылып келеді. Соның ішінде, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан кез-келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз керек.

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне абыройсыздық ұялатады, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады.

Қазіргі таңда қоғамымызға қауіп төндіріп, орасан кесел келтіретін осынау келеңсіз әлеуметтік құбылысқа қарсы шаралар қатаң қолға алынып жатыр. Жемқорлықпен күрес арнайы дайындалған мемлекеттік бағдарлама негізінде жүзеге асырылуда. Еліміздің өркениетін дамытқысы келетін, өз ортасын құрметтейтін әрбір азамат мемлекеттің ішіндегі тәртіпті белгілі бір жүйеге келтіруге, ел ішіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүдделі және оның алдындағы басты парызы. Қоғаммен бірге өркендеп, етек жайып, етене сіңісіп келе жатқан бұл кеселдің тереңнен құлаш жаймауына өз үлесімізді қосу және оған тосқауыл болу - біздің басты міндетіміз.

**А.КУЛАХМЕТОВ,  
Қоңыр ауылдық округінің әкімі**

# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСУ-ӘРАЗАМАТТЫҢ БОРЫШЫ



**Жемқорлық - мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет. Сыбайлас жемқорлықпен күресу бүгінгі күннің күрделі мәселесі болып отыр. Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізі басымдықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу болып табылады. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі таралмауы үшін оған бөгет болудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде түбегейлі қарсы тұруға болады. Елімізде осы мәселеге байланысты арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан түрлі жұмыстар да баршылық, дегенмен бұл мәселе әлі толық шешімін тапқан жоқ.**

Атап айтқанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана керек. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптасқан жағдайда ғана адам адамгершілікке жат - қылықтардан

бойын аулақ ұстай бастайды, заңға қайшы келетін әрекеттерді жасауға жол бермейді. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылып келеді. Соның ішінде, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан кез-келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз керек. Еліміздің өркениетін дамытқысы келетін, өз ортасын құрметтейтін әрбір азамат мемлекеттің ішіндегі тәртіпті белгілі бір жүйеге келтіруге, ел ішіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүдделі және оның алдындағы басты парызы. Қоғаммен бірге өркендеп, етек жайып, етене сіңісіп келе жатқан бұл кеселдің тереңнен құлаш жаймауына өз үлесімізді қосу және оған тосқауыл болу-біздің басты міндетіміз.

**Г. АУЕЛЬБЕКОВА,  
Ескелді аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі басшысының міндетін атқарушы**

# КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗБАЛАРЫ

Көне түркі жазбалары немесе Орхон-Енисей жазбалары — б.з. V ғ. — X ғғ аралығындағы түркі тайпаларының тасқа қашап жазған жазбалары.

Орхон-Енисей ескерткіштері алғаш Орхон өзені бойынан (Екінші түркі қағандығы кезі) табылды, кейін Енисей өзенінің жоғарғы ағысында (Қырғыз қағандығы). Кейде руник жазбасы дейді, алман руналарының жанасым тауы (кейбір нышандар кескіні дәл келіп тұр, дауысты мағынасы да жақын). Азиялық түркі руналары соғды жазуының негізінде VIII ғ. бұрын жасалған деп есептеледі. Оның әліпбиінде 40-қа жуық графема бар. Көне түркі руника жазуы ерекшелігі — онда негізгі ежелгі және палаталдық дауыссыздарға арналған бірнеше жұп дербес әріптер бар. Көне түркі руника жазуы жұмбағын 1893 жылы В. Томсен шешкен. Орхон ескерткіштерінің тұңғыш тәржімаларын 1894 жылы В.В. Радлов жасаған. Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі Тәңір сөзінің жазылуы

«Алтын ғасыр» кезіндегі (VIII ғ. б.з.) әліппеге 38 таңба және сөзбөлу нышаны кіреді. Жазу бағыты дерелей, оңнан солға. Жіңішке мен жуан дыбыстылары жазуда айырылмайды, дыбыссыздардың бір бөлшегі артынан жіңішке не жуан дыбысты келгенін сыңар нышандармен белгіленген.

Сөз бөлу нышаны сөз арасына қойылады, сөйлем соңы белгіленбейді. Бас-кіші әріпке айырылмайды.[2]

Көне Түркі жазуларының зерттелуіне Моңғолия далаларына таралған жұмбақ жазулардың бар екендігі туралы ғылыми орта ертеден-ақ білетін еді. Оларды «Руна жазулары», яғни скандинавия тілдерінен алғанда «құпия, сыры ашылмаған» таңбалар деп атайтын. Ол кезде әлем ғалымдары сондықтан, бұл жазуларды көне Угор тайпаларының (Орал халықтарының ата-бабалары) мұрасы деп есептеді. Жазуларды зерттеуге арнайы ұйымдастырылған Ресей Ғылым Академиясының экспедициясы Минусинск ойпатында іздестіру жұмыстарын жүргізіп, Д.Г. Мессершмидт және Ф.И. фон Стралленберг 1721-1722 жылдар аралығында көптеген материалдар жинақтады. Жиналған деректер ғылыми тұрғыдан екішеліп, 1729 ж. 3. Байердің «Санкт-Петербургтегі Императорлық ғылым Академиясының жазбаларында» жарық көріп, Еуропадағы барлық Шығыстанушылардың қатты қызығу нысанына айналды. 1730 жылы Ф.И. фон Стралленбергтің өзі де зерттеулерінің қорытындысын және жазулардың көшірмелерін жариялады. Оқылудың әртүрлі жолдары ұсынылғанмен, қандай да бір ақырғы қорытынды шығаруға деректер әлі аздау болатын, себебі Минусинск аймағынан табылған бұл жазулар үзік-үзік және соған сәйкес жарияланған мәліметтердегі көшірмелердің көрінісі тым қысқа-қысқа және жазулардың өзі жартылай өшіп қалған болатын.

1889 жылы Н.М. Ядринцевтің Моңғолия далаларынан тапқан жазулары Көне жазулардың толық сақталған және көлемді үлгілерін ғылыми ортаға әкелді. Енді бұл жазуларға қарап, оның дыбыстық құрылысы мен грамматикалық табиғаты жөнінде айқын қорытындылар жасауға болатын еді. 1893 жылы дат филолог В. Томсен (Дания) бұл жазуларды оқудың кілтін тапты. Келесі жылы-ақ В.В. Радлов Орхон жазуларының оқылуын және аудармаларын жасады, 1895 ж. Енисей жазуларының да оқылуы мен аудармалары жарыққа шығарылды.

Дала жазуларының тарихы б.з.б. 8 ғасырларда көшпенділер даласына Брахми және Кхароши жазулары таралған. Бұлар Көне Үндістаннан келген. Ғұн заманынан қалған қысқа жазуларды оқу мысалы, Қытай жазбаларындағы «шаньюй» (Моде шаньюй) деген

сөздің Ғұн тілінде «Сеңгір» деп дыбысталатынын анықтап берді. Бұл — «биік», «асқақ», «жоғары» деген мағына береді де қазіргі Түркі тілдерінде, мысалы Қазақ тілінде «Сеңгір таулар», «Заңғар көк» сияқты тіркестерде кездесіп отырады. Көне Қытайлықтардың б.з.б. дәуірлердегі «Хунну жазуы» деп отырғаны осы жазу. Кейін б.з.б. 3 ғасырлардан бастап далалыққа Соғды жазулары тарайды. Ол ежелгі Қаңлы мемлекетінде б.з.б. 3 және б.з. 5 ғасырлары аралығында кеңінен қолданылған.

мен Қырғызстан аймақтарына таралған, соның ішінде көп шоғырланған жері қазіргі Жамбыл облысында. Қолданылған мезгілі бірыңғай 8 ғасыр. Ескерткіштердің жалпы саны шамамен 20 шақты.

3. Орхон ескерткіштері. Моңғолиядағы Орхон, Селенг, Тола өзендерінің бойынан және Ресейдегі Минусинск ойпатынан табылған ескерткіштер жатады. Қолданылған мезгілі 7-8 ғасырлар. Ескерткіштердің жалпы саны 30 шақты. Алайда ең көлемді, ұзақ мәтінді жазбалар осы топқа

оралымдары мен ішкі ұйқастары, композициялық тұтастығы бар. Сондықтан оның ең алдымен жанрын айқындасақ — жылнама не шежіреден гөрі, бұлар — тарихи дастандар. Жазудың сипаты түркі тілдерінің дыбыстық ерекшеліктерін, соның ішінде үндестік заңдарын жақсы береді. Жазудың ерекшелігі оңнан солға қарай оқылады және негізінен дауыссыз дыбыстар таңбаланады. Олардың жуан және жіңішке түрлері бар, олар жеке-жеке бөлек таңбаланады.

Көне Түркі жазуларының сыртқы

## Көне түркі жазба ескерткіштері



Мысалы қазіргі Қазақстанның оңтүстігінен табылып отырған «Күлтөбе жазулары» б.з.б. 2-1 ғасырларға жатады.

Көне Түркі жазулары негізінен 6-10 ғасырлар аралығында Ұлы Түркі қағандығы және Көк Түркі қағандығы, Хазар қағандығы кезінде қолданылған. Таралу аймағы Моңғолия-Сібір далаларына Тибет жеріне дейін және Еуропадағы Венгрия, Чувашия аймақтарына дейін кездесіп отырады. Көне Түркі жазуларының орнына далалыққа көне Ұйғыр жазулары келді. Бұл жазуларды кейде манхей жазулары деп атайды. Оның таралуы Манхей дінінің таралуына байланысты болды. Кейін бұл жазуларды Ислам дінінің ықпалымен енген Араб жазулары ығыстырып шығарды. Кейін осы Араб жазуларының орнына қазіргі Түркі халықтары Латын және Кирилл әліпбилерін қолданады.

Көне Түркі жазуларының жалпы сипаттамасы [Еңдеу | қайнарын өңдеу]

Көне Түркі жазулары немесе Көне түркі алфавиті - дыбыстық жазу түрі, яғни сөздегі дыбыстарды таңбалап жазады. Негізінен 6-10 ғасырларда үлкен аймаққа таралған Көне Түркі жазуларының үш топқа бөліп қарайды:

1. Енисей ескерткіштері.
2. Талас ескерткіштері.
3. Орхон ескерткіштері.

Орналасу жері болмаса, бұлардың қолданылған жылдарының айырмасында және жалпы жазу таңбаларының қолданылуы арасында елеулі айырмалар жоқ. Алайда Түркі жазбаларының жазылу мерзімдеріне қарағанда алғашқы Енисей-Лена бойынан, Сібірден, Байкал аймағынан Моңғолия далаларына, Орхон жеріне, одан Қазақстан мен Қырғызстан, Шыңжаң жеріне қарай біртіндеп таралғанын көрсетеді. Ал жазылу үрдісі, таңбаларының қолданылуы ұқсас, оқылуы біркелкі.

социального медицинского страхования на оказание услуг в рамках гарантированного объема бесплатной медицинской помощи и в системе обязательного социального медицинского страхования на предстоящий год. Фонд заинтересован в абсолютной достоверности баз данных, ведь за каждого прикрепленного жителя ежемесячно медорганизациям оплачивается подушевое финансирование.

Отмечаем, что кампания по прикреплению проводится только среди медицинских организаций, зарегистрированных в Базе данных субъектов здравоохранения и

претендующих на оказание медицинских услуг по ГОБМП и ОСМС. Ознакомиться со списком доступных для прикрепления поликлиник можно на сайте Фонда [www.fms.kz](http://www.fms.kz) в разделе «Выбрать поликлинику».

До 31 декабря этого года граждане продолжают обслуживаться в поликлинике, к которой прикреплялись ранее.

«Независимо от статуса застрахованности все граждане имеют право на гарантированный объем бесплатной медпомощи. Однако, для плановой госпитализации, приема узкими специалистами, прохождения дорогостоящих обследований и получения высокотехнологичного лечения необходимо быть застрахованным в системе ОСМС. На сегодняшний день более 122 тыс. граждан нашей области являются незастрахованными в системе ОСМС. В этой связи, призываем каждого жителя области проверить свой статус страхования. Важно отметить, что на сегодняшний день количество поставщиков медицинских услуг в области составляет – 60, в том числе 27 (45%) государственных, 33 (55%) частных медорганизаций. Из них 17 организаций первичной медико-санитарной помощи», - рассказала Директор филиала Фонда социального медицинского страхования по области Жетісу Гульзия Таипова.

Филиал Фонда  
социального медицинского  
страхования по  
области Жетісу

# НЕСИЕ АЛУДАН ЕРІКТІ ТҮРДЕ БАС ТАРТУ ТУРАЛЫ ӨТІНІШТІ EGOV МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫНДА ЖӘНЕ EGOV.KZ ПОРТАЛЫНДА БЕРУГЕ БОЛАДЫ



Енді әр қазақстандық несие мен шағын несие алуға өз атынан ерікті түрде тыйым сала алады. Оны eGov mobile мобильді қосымшасындағы және eGov.kz электронды үкімет порталының жаңа сервисін қолдану арқылы жасауға болады.

Сервистке өтінішті азаматтың өзі ғана толтыра алады. Несиелер мен шағын несие берудің алуға тыйым салу б айға белгіленеді және бұл мерзім аяқталғаннан кейін автоматты түрде тыйым алынып тасталады. Сондай-ақ бұл шектеулерді кез келген уақытта ерікті бас тарту қызметін көрсетуді мерзімінен бұрын тоқтатуға өтініш беру арқылы алып тастауға болады. «Бірінші кредиттік бюросымен бірлесе біз несие берудің ерікті түрде тыйым салу қызметін іске қостық. Бұнда несиеден өз еркімен бас тартуға азаматтың өзі ғана жүгінеді және өз бетімен бас тарта алады. Осы арқылы біз еліміздің азаматтарына заңсыз несие алуға тырысатын көптеген алаяқтардан қорғауға көмектескіміз келеді», - деп атап өтті «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Басқарма Терағасы Ростислав Коняшкин. Айта кеткен жөн, дәл осындай сервис Бірінші кредиттік бюросының (БКБ) сайтында ақылы түрде қолжетімді.

«Электрондық үкімет» порталында өтініш берген кезде БКБ қызметіне жарамды өтінімнің бар-жоғына тексеру жүргізіледі. Мысалы, егер бұрын ол жерде сұрау болмаған болса, онда тыйым салуды орнатуға өтініш беру керек. Сұраныс болса, оны тоқтату (қалауы бойынша) болса, оны тоқтату туралы өтініш беруге болады.

Несие алудан ерікті бас тарту қызметі eGov mobile мобильді қосымшасының басты бетіндегі «Танымал қызметтер» бөлімінде қолжетімді. Дәл осы қызметті eGov.kz порталының «Азаматтарға» - «Кеден және салықтар» - «Экономика және қаржы» бөлімінен алуға болады. Айта кетейік, бұл сервис жеке тұлғаның банктік қарыздар мен микрокредиттерді алудан ерікті түрде бас тартуды жою құқығын біріктіруді көздейді және қарыз алушының несие тарихында несие алудан ерікті түрде бас тарту мәліметтер болған жағдайда микроқаржы ұйымдарына жеке тұлғаға несие беруге

тыйым салуды енгізуге әзірлеген заңнамалық актілерге түзетулер шеңберінде жүзеге асырылды.

Бұл ретте мыналарды ескеру қажет:

- сервис үшінші тұлғалардың несие алу мүмкіндігін мүмкіндігінше шектейді, қаржы институттарын азаматтың несие беруге тыйым салынғаны туралы хабардар етеді, бірақ несие берілуіне толық кепілдік бермейді;

- жеке тұлғаның өтелмеген міндеттемелері/ белсенді қарызы бар қаржы институттары ол туралы ақпаратты сұраған кезде бұл жеке тұлғаның несие берудің өңдеу үшін оның деректеріне қол жеткізуді шектегені туралы қосымша ақпаратты алады;

- несие беру туралы шешімді несие беруші дербес және өз қалауы бойынша қабылдайды;

- сұралған несие өтінімдердің мәліметтерін пайдаланушы Бірінші несиелік бюросының [www.1cb.kz](http://www.1cb.kz) сайтындағы жеке кабинетінде көре алады. Аталмыш сервис ҚР цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік қызметтер Комитетінің, Бірінші кредиттік бюро және «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ ақпараттық жүйелерінің интеграциясы арқасында қолжетімді болды.

«ҰАТ» АҚ  
Қоғаммен байланыс басқармасы



# ЕМХАНАЛАРҒА ТІРКЕЛУ НАУҚАНЫ - 2023



**Қыркүйектің 15-нен бастап елімізде емханаларға тіркелу науқаны басталады. Еліміздің әрбір азаматы екі ай ішінде, яғни 15-ші қарашаға дейін таңдау еркі бойынша медициналық ұйымдарға тіркелу мүмкіндігіне ие.**

Тіркелу науқаны кезінде медициналық-санитарлық алғашқы көмек ұйымына тіркелген азаматтар 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап медициналық көмек ала бастайды. Бұл ретте медициналық ұйым Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорымен келер жылға арналған тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде (ТМККК) және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде алғашқы медициналық-әлеуметтік көмек қызметінің көрсетуіне шарт жасасуы тиіс. Әрбір тіркелген тұрғын үшін медициналық ұйымдарға ай сайын жан басына шаққандағы

қаржыландыру төленеді. Сондықтан, дерекқордың қамтылуына қор мүдделі. Тіркеу науқаны денсаулық сақтау нысандарының дерекқорында тіркелген және тегін медициналық көмек пен МӘМС бойынша медициналық

қызметті көрсететін ұйымдар арасында ғана жүргізілетінін атап өтеміз. Қормен келісім шарты бар емханалардың тізімімен [www.fms.kz](http://www.fms.kz) сайтында «Емхананы таңдау» бөлімінде танысуға болады. Осы жылдың 31 желтоқсанына дейін азаматтар бұрын бекітілген емханаларында медициналық қызмет түрлерін алуды жалғастырады.

Жетісу облысы бойынша бүгінгі таңда медициналық-санитарлық алғашқы көмек ұйымдарына тіркелмеген азаматтар қажетті емханасын таңдай алады. Медициналық көмекке толықтай қол жеткізу үшін тұрғылықты жері бойынша емханада немесе ЭЦҚ арқылы электрондық үкіметтің веб-порталында тіркелу мәртебесін тексеру ұсынылады.

Қазіргі таңда, денсаулық сақтау жүйесі және халық денсаулығы Кодексіне сәйкес, кез-келген

консултивті диагностикалық көмекке (бейінді мамандардың кеңесі немесе лабораториялық-диагностикалық шаралар) қол жеткізу үшін телім дәрігерінің жолдамасы қажет. Сондықтан, медициналық көмекті жоспарлы түрде алу үшін, емханаға тіркелу мәселесі өте маңызды болып табылады.

«Бүгінгі таңда Жетісу облысы бойынша 122 мыңнан астам адамда сақтандыру мәртебесі жоқ. Алайда, сақтандыру мәртебесіне қарамастан, барлық азаматтар тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне құқылы. Бірақ, жоспарлы емдеуге жатқызу, бейінді мамандардың қабылдауы, қымбат тұратын тексерулерден өту және жоғары технологиялық ем алу үшін МӘМС жүйесінде сақтандырылған болуы қажет. Осыған орай, сақтандырылмаған тұрғындарымызды МӘМС жүйесіне сақтандыру мәртебесін анықтап алуға шақырамыз. Айта кетейік, 2023 жылы - 60 медициналық қызмет жеткізушімен, оның ішінде 27 (45%) мемлекеттік меншік нысанымен, 33 (55%) жеке меншік нысанмен шарт жасалды. Оның ішінде 17 медициналық-санитарлық алғашқы көмек ұйымы бар»,- деді Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Жетісу облысы бойынша филиалының директоры Гульзия Таипова.

**Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Жетісу облысы бойынша филиалы**

# ПРОФИЛАКТИКА ГЕЛЬМИНТОЗОВ!!!



**Гельминтозы – заболевания, вызванные гельминтами, классифицируются как биогельминтозы, геогельминтозы и контактно-гельминтозы.**

Большинство людей заражены гельминтами, но даже не догадываются об этом, так как паразиты могут находиться в организме в небольшом количестве и не подавать никаких признаков. Риск заражения особенно велик в летнее время года. В этот период мы активно путешествуем, отправляемся на природу, дачные участки, устраиваем пикники, где не всегда удается соблюдать правила личной гигиены, что увеличивает риск глистной инвазии. У детей риск заражения гельминтами значительно выше, так как иммунитет у ребенка слабее, чем у взрослого. Особенности поведения детей таковы, что риск заразиться глистами у них больше, чем у взрослых. Дети ползают по дому, тянут в рот руки и предметы при прорезывании зубов, пробуют на вкус съедобные и несъедобные вещи. Так они и заносят в организм паразитов. Игра в песочнице на дворовой площадке и на берегу моря, купание в водоемах, общие игрушки в детском саду и контакт с домашними питомцами, а иногда и с уличными животными тоже создают благоприятные условия для попадания личинок и яиц различных глистов в желудочно-кишечный тракт ребенка. Также факторами риска являются использование в пищу в сыром виде плохо промытых овощей, фруктов и зелени, употребление термически недостаточно обработанного мяса как домашних, так и диких животных, рыбы и икры, приготовленных кустарным способом, употребление сырой.

т.п.), попадают в организм при употреблении в пищу зараженного мяса или контактным путем.

Наиболее характерные симптомы и косвенные признаки наличия глистов у ребенка: общее недомогание, слабость, быстрая утомляемость, температуры тела, темные круги под глазами, аллергические реакции в виде кожной сыпи (крапивницы), проблемы с аппетитом, тошнота и рвота, запах изо рта, болезненные ощущения в брюшной полости, расстройства стула (запор/диарея), потеря веса, зуд в анальном отверстии, выделение фрагментов червей с калом.

Главная причина заболеваемости гельминтами заключается в широкой распространенности личинок и яиц паразитов в окружающей среде и несоблюдении правил личной гигиены.

**Основные меры профилактики:**

- Мясо, мясные продукты, рыбу, морепродукты приобретайте только в установленных местах, где гарантируется их качество и безопасность. Подвергайте продукты достаточной термической обработке, соблюдайте правила посола, консервирования;
- Тщательно мойте овощи, фрукты, зелень. Зелень можно промывать в мыльной воде с последующим ополаскиванием проточной водой. Для ягод (клубника, земляника, малина) применяется промывание 1,0% раствором соды, а затем чистой водой. Для обеззараживания овощей применяется слабый раствор йода (0,2 - 0,5%).
- Мойте руки с мылом после посещения санузла, улицы, общественных мест, после работы с землей, контакта с домашними животными;
- Избегайте приема сырой рыбы, мяса, необработанной икры;
- Своевременно пролечивайте домашних животных от гельминтозов. Соблюдайте правила содержания животных, обеспечивающих их защиту от заражения гельминтозами.
- Соблюдайте чистоту в помещениях.
- Не используйте свежие фекалии в качестве удобрений, необходимо обеспечить компостирование навоза, фекалий, бытовых отходов.
- Регулярно проходите обследование на гельминтозы (1-2 раза в год, при наличии факторов риска).

**Е. СЕЙСЕМБИНОВ,**  
Руководитель Ескельдинского районного Управления санитарно-эпидемиологического контроля

# ҚҰРМЕТТІ ҚАЛА ЖӘНЕ АУДАН ТҮРҒЫНДАР НАЗАРЫНА

**Құқықтық статистика органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызмет алу тәртібіндегі оң өзгерістер мен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекет басшысының неғұрлым талап етілетін анықтамалар мен қағаз растамаларды алып тастау жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде ақпараттық цифрлық растауды қамтамасыз етілгендігін хабарлайды.**

Құқықтық статистика органдарымен мемлекеттік 9 түрі қызметтері алдағы уақытта көрсетіліп жүрген болатын, қазіргі кезде мәлімет және жұмыста пайдалану үшін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің «Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру», «Наркологиялық ұйымнан анықтама беру», «Психоневрологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтерін «Е-қызмет» персоналды басқарудың интеграцияланған ақпараттық жүйесі арқылы алу мүмкіндігі іске толығымен асқандығын хабарлайды.

Атап айтқанда, осы бағытта Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекет басшысының неғұрлым талап етілетін анықтамалар мен қағаз растамаларды алып тастау жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде ақпараттық цифрлық растауды қамтамасыз ете отырып, яғни өткен жылдың қазан айында және ағымдағы жылдың сәуір айында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне (бұдан әрі – тізілім) мемлекеттік органдардың ұсынған ұсыныстары және анықтамалардың күшін жою бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар негізінде өзгерістер енгізілді, 9 мемлекеттік көрсетілетін қызметтер қазіргі кезде алынып тасталды, мысалы мына төмендегі көрсетілгендей:

- Тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша мәліметтер беру (404 629 жыл бойы қағаз айналымдар);
- Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшысының (алушысының) зейнетақы жинақтарының (инвестициялық кірістерін ескере отырып) жай-күйі туралы ақпарат беру (жылына 1 млн-нан астам анықтама);
- Жалғыз тұрғын үй авариялық деп танылған азаматтарға анықтама беру (жылына 44 анықтама);
- Жылжымайтын мүліктің меншік иесі (құқық иеленушісі) туралы мәліметтерді қамтитын техникалық паспортқа қосымша беру (жылына 307 224 анықтама);
- «Заңды тұлғалар» мемлекеттік деректер қорынан анықтама беру (жылына 3 288 055 анықтама);
- Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар және тоқтатылған құқықтар туралы анықтамалар беру (жылына 40 856 анықтама);
- Жылжымайтын мүлік кепілін тіркеу

тізілімінен үзінді-көшірме беру (жылына 106 079 анықтама);

- Тауар таңбаларының мемлекеттік тізілімдерінен, тауар шығарылған жерлердің атауларынан үзінді көшірме беру (жылына 192 анықтама);

- Азаматтың әскери қызметке қатынасы туралы анықтамалар беру (жылына 78 339 анықтама).

Жоғарыда көрсетілетін қызметтер қазіргі кезде 9 мемлекеттік қызмет көрсету анықтамаларды алып тастағаннан кейін мұндай ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етудің әртүрлі тәсілдері бар, мысалы:

- 1) мекенжай анықтамасы дербес деректердің болуын ескере отырып, үшінші тұлғаларға арналған сервис арқылы беріледі ([https://egov.kz/cms/ru/services/pass\\_sr11](https://egov.kz/cms/ru/services/pass_sr11));
- 2) есепке алынатын Мемлекеттік кірістер органдарында жүргізілетін берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтерді ақпараттық ресурса қолжетімді ету болып табылады [kgd.gov.kz](http://kgd.gov.kz) (<https://kgd.gov.kz/ru/app/culs-taxagear-search-web>);
- 3) азаматтың жеке өзіне қажетті кейбір мәліметтер оның «электрондық үкімет» порталының жеке кабинетінде қосымша көрсетіледі;
- 4) мемлекеттік органдар үшін интеграциялық өзара іс-қимыл;
- 5) «Электрондық үкімет» порталында жалпыға қолжетімді нысанда жүзеге асырылады.

Осыған орай, азаматтар мен мемлекеттік органдар арасындағы артық қағаз айналымын болдырмау мақсатында «электрондық үкімет» порталында Шығыс құжатты басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режимінде тізілімнен шығарылған мәліметтерді көрсетуді іске асыру туралы атап өтеміз. Алайда, жеке және заңды тұлғалардан анықтамалардың қағаз нысанын, әсіресе «Заңды тұлғалар» мемлекеттік базасынан анықтамалар беру» қызметі бойынша басып шығарудың мүмкін еместігіне қатысты өтініштер келіп түседі.

Жоғарыда көрсетілген анықтаманың 10 кіші түрі бойынша ақпарат жалпыға қолжетімді болып табылады, яғни ол ЭЦҚ-сыз (бір реттік пароль бойынша) тапсырыс бере алатын кез келген портал пайдаланушысына қарау режимінде қолжетімді.

Сонымен қатар, заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтама тізілімнен шығарылмаған, оны алу техникалық жағынан pdf-форматында қолжетімді.

Мемлекеттік қызметтер тізілімінен (бұдан әрі – МҚТ) шығарылған жекелеген мемлекеттік қызметтер бойынша мәліметтерді «электрондық үкімет» порталында шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режимінде көрсету жүзеге асырылғаны туралы халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет. Шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінсіз болмауы техникалық ақаудың салдарынан емес, азамат-

тар мен мемлекеттік органдардың арасындағы артық қағаз айналымын жою мақсатында жасалғанын азаматтарға түсіндірілді. Бұдан бөлек, цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің 2020 жылғы 17 қазандағы №390/НҚ бұйрығымен (2020 жылғы 21 қазанда № 21463 Әділет министрлігінде тіркелген) «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің есебі бойынша тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасауы туралы мәлімет беру» мемлекеттік қызметі оны толықтай автоматтандыруға және порталдың жеке кабинеті арқылы ұсынуға байланысты МҚТ алынып тасталған.

Жүргізілген бұл жұмыс азаматтардың сұрауларының көп бөлігін үйден шықпай, 10 минуттың ішінде алуға мүмкіндік берді. Қызметті оңтайландыру аясында азаматтарға оны ұялы байланыстың абоненттік қондырғылары арқылы, яғни порталдың ұялы түрі арқылы алу мүмкіндігі ұсынылған.

Азаматтар үшін тағы да бір ыңғайлылық шет елге шығу үшін анықтамаға сұрауды электронды түрде беру мүмкіндігі, қағаз жүзінде алуға өтініш білдірген Мемлекеттік корпорацияның филиалдарының мекенжайын таңдай отырып. Бұрын сұрау тек қағаз жүзінде міндетті түрде Мемлекеттік корпорацияға барып жолданатын.

Порталда «Анықтаманы үшінші тұлғаман алу сервисі» көмегімен сұрау салған бастамашы өз бетінше егерде бұл тұлғаның келісімі болған жағдайда, басқа тұлғаға қатысты электрондық сұрау жолдай алады. Электрондық анықтама алуға Мемлекеттік корпорацияның форнт-кеңсесіне азаматтарды жіберудің қажеті жоқ.

Анықтаманы «EgovKzBot» қосым Telegram мессенджері көмегімен де алуға болады. Анықтама алуға керектің барлығы - азаматтардың мобильді базасына тіркелу.

«Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық басқармаларының архивтері шегінде архивтік анықтамалар және/болмаса архивтік құжаттардың көшірмесін беру» мемлекеттік қызметі жеке және (немесе) заңды тұлғаларға электронды (жартылай автоматтандырылған) және қағаз жүзінде көрсетіледі.

Мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің кадр қызметтері азаматтарға жүк салмай, құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының мәліметтерін дербес құрамды басқарудың «Е-Қызмет» интеграцияланған ақпараттар жүйесі арқылы жеке және заңды тұлғалар өздері ала алатындары туралы түсіндірілді.

**Ернур СӨРСЕМБАЙҰЛЫ,**  
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша Департаментінің қылмыстық саладағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру аға прокуроры



# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ



**Қазақстан Республикасының Конституциясы — Қазақстан Республикасының Ата Заңы. Ағымдағы Конституция 1995 жылы 30 тамыз күні жалпыхалықтық Референдум негізінде қабылданды және 5 қыркүйек күні өз күшіне енді. Конституция 9 тараудан, 98 баптан тұрады.**

Конституция мемлекеттік құрылыстың құқықтық негізін қалыптастырушы құжат болып табылады. Ол мемлекеттілік тетік, қоғамдық, саяси институттар ретінде қызметтің негізі боларлық принциптерін орнықтырды, адам мен азаматтың конституциялық мәртебесін белгіледі, экономикалық құрылыстың негіздерін айқындады. Бұл тәуелсіз Қазақстанның қабылдаған екінші конституциясы. Алдыңғы конституция 1993 жылы 28 қаңтарда қабылданған болатын.

## Қазақ АКСР Конституциясы 1926 жыл

Алғашқы Қазақстан Конституциясы 1926 жылы 18 ақпанда КСРО құрылғаннан кейін 1925 жылғы РСФСР Конституциясы ескеріле отырып, ҚазАКСР Орталық Атқару Комитетінің қауылысымен түпкілікті редакцияда қабылданды, өйткені бұл кезде Қазақстан РСФСР-дің бір бөлігі еді. Бұл Негізгі заң басқару нысанын, мемлекеттік құрылысты, саяси режимді, мемлекеттік билік органдарының құрылымын, атқарушы-өкім беруші органдарын бекітті. Сайлау құқығының, бюджеттік құқықтың негізгі бастаулары белгіленді. Осы Конституцияға сәйкес Қазақстан РСФСР құрамындағы толық

## Қазақ КСР Конституциясы 1937 жыл

«Қазақтн Советтi Sotsialistik Respublikasyның Konstitutsiasy (Negizgi Zany). Alma-Ata. 1937»

1937 жылдың 26 наурызында Кеңестердің Бүкілқазақстандық Төтенше X Съезінде қабылданған Қазақ КСР Конституциясы 11 бөлім мен 125 баптан тұрды. Ол жерде «КСРО Конституциясының 14-бабынан тыс Қазақ КСР өзінің егемендік құқықтарын толық сақтай отырып, мемлекеттік билікті өздігінен жүзеге асырады» делінген. 1937 жылдың Конституциясында экономикалық, саяси қорғаныс салалары бойынша өзара ықпалдастықты іске асыру мақсатында басқа да тең құқылы республикалармен еркін түрде одақтасуға құқылығы (13-бап), Қазақ КСР келісімсіз территориясын өзгертуге тыйым салу (16-бап), жоғарғы республикалық және мемлекеттік биліктің жергілікті органдары қалыптастыратын, заңнаманы жүзеге асыру, мемлекеттік және қоғамдық тәртіпті және де азаматтар құқығын, салық салу т.б. мәселелерді қорғау бойынша республика саясатын жүргізу құқықтары бекітілген (19-бап).

Сонымен қатар, сот пен прокуратура жүйесі қамтылған. Халық соттары аудан азаматтарының тарапынан құпия сайлау жолымен жалпы, тікелей және тең сайлау құқығы негізінде сайланып, сот ісін жүргізу қазақ тілінде, ал басқа ұлт өкілдері шоғырланған аудандарда алдыңғы ана тілдерінде жүргізілуі тиіс болған (83-90-баптар).

1937 жылдың Конституциясында азаматтардың негізгі құқықтары мен міндеттері анықталған: еңбек етуге құқылығы (96-бап), демалысқа құқылығы (97-бап), қартаю, ауру болу және еңбекке қабілетсіз болып қалу жағдайларында материалды қамтамасыз етілуге құқылығы (98-бап), денсаулық сақтау, сөз, баспасөз, жиын, митинг, көше шерулері мен демонстрацияларға еркіндік берілуі кепілдігі, тұлғаға, тұрғын-жайға, азаматтардың хат жазысу арқылы жеке хат алысуға дербес құқықтары, шетел азаматтарына саяси баспана беру құқығы.

## Қазақ КСР Конституциясы 1978 жыл

IX шақырылған республика Жоғарғы Кеңесінің кезектен тыс VII сессиясында 1978 жылы 20 сәуірде қабылданған Қазақ КСР Консти-

туциясы кіріспеден, 10 бөлім, 19 тарау және 173 баптан тұрады. Конституцияға сәйкес, бүкіл өкімет билігі жұмысшы, шаруа және еңбек интеллигенциясы таптарына жататын халықтың қолында болды.[1]

Қазақстан Республикасының Конституциясы 1993 жыл Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Конституциясы 1993 жылғы 28 қаңтарда XII шақырылған Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің IX сессиясында қабылданды. Ол кіріспеден, 4 бөлім, 21 тарау және 131 баптан тұрады.

Конституция Қазақстан мемлекеттік егемендігін алған сәттен бергі көптеген құқықтық нормаларды:

- халықтық егемендік
- мемлекет тәуелсіздігі
- билікті бөлісу принципі
- қазақ тілін мемлекеттік деп тану
- Президентті мемлекет басшысы деп тану
- сот органдарын — Жоғарғы Конституциялық және Жоғарғы Арбитраждық соттар және басқаларды қамтыды.

1993 жылғы Конституция негізіне парламенттік республика моделі алынды.

Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жыл

Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда қабылданды.

1995 жылы 30 тамызда республикада бүкілхалықтық референдум өтті, нәтижесінде Қазақстанның жаңа Конституциясы қабылданды. Дауыс беру еліміздің қалалары мен ауылдарындағы 10253 сайлау учаскелерінде жүрді. Бұл Конституцияның 1993 жылғы Конституциядан айырмашылығы оның мазмұнының сапасында еді. Жаңа Конституцияға алғаш рет азаматтың құқығына қатысты ғана емес, адам дүниеге келген сәттен одан ажырамас құқықтарына да қатысты нормалар енді. Ол бойынша Қазақстан Республикасының Президенті саяси жүйенің басты тұлғасы болып табылады, билік тармақтарынан жоғары тұрады. Бұл президенттік басқару жүйесіндегі мемлекетке сай келеді. Парламент туралы конституциялық бөлім өзгерістерге ұшырады.

1995 ж. желтоқсанда екі палаталы (жоғарғы палаталы — Сенат, төменгі палаталы — Мәжіліс) Парламентке сайлау өткізілді.

Энциклопедия көздерінен

# ҚАРТ ПЕН ТАПҚЫР ЖІГІТ

Бір қарт адам болып, өзі ғалым болыпты. Бір күні шаһарға барып, үйіне қайтып келе жатса оны бір жас жігіт қуып жетеді. Ол келе жатып жөн сұрасады да, барар жолы бір болғаннан кейін:

- Ата, жолды қысқартайық, - дейді.  
Қарт:- Жол қалай қысқарады? - дейді.

Жігіт:- Жолдың қысқаруы оңай, екеуміз бірімізді-біріміз, кезек-кезек арқаласақ болғаны, - дейді.

Шал ішінен:- Япырым-ау, мынау бір кесепатты адам болмаса игі еді? Сөзінің түрі жаман екен. Ат-маттыммен мені бұл қалай арқалайды? Өзін қалай арқаламақшымын? - деп ойлап, жауап қайырмай, бетіне ажырайып қарап қояды.

Мұнан кейін жігіт те үндемей келе жатады да, орылмаған, бірақ пісіп тұрған егінді көріп:

- Ата, мына егін сіздің елдікі ме? - дейді.

Қарт:- Я, біздің елдікі, - дейді.

Жігіт:- Иесін білесіз бе? - дейді.

Қарт:- Білемін, - дейді.

- Олай болғанда, бұл өзі желініп қойған егін бе, жоқ, желінбеген егін бе? - дейді.

Қарт тағы да бетіне ажырайып қарап қояды да: «Япырым-ау, мынаның бір сөзінен бір сөзі сорақы болды-ау! Орылмай тұрған егінді көре тұра, бұл не айтқаны?» - деп ойлайды.

Онан өтіп, жолшыбай бір елге кездеседі. Бұл елдің адамдары бір өлген кісіні көтеріп, қабірге қойғалы апара жатыр екен:

Жігіт:- Ата, мына кісіні білесіз бе? - деп сұрайды.

Қарт:- Білемін, - дейді.

Жігіт:- Ата, мына кісі өлген адам ба, өлмеген адам ба? - деп і сұрайды.

Қарт шыдай алмай:- Өлмесе жерлеуге апармайды ғой! - деп жігіттің бетін қайырып тастайды. Жігіт үндемейді.

Көтеріп келе жатқан өліктің қабірі жолда екен. Бұлар қабіршілерге келеді де солармен бірге өлікті қойысады. Былай шыққаннан кейін:

- Ата, әлгі кісі өлмеген екен, - дейді.

«Я, құдай, мынаның кесепатынан құтқара көр. Көрге көміп тастаған адам өлмей ме екен? Бұл не деген ақымақ!» - дейді қарт ішінен. Күн кеш болады, екеуі қарттың үйіне келеді. Қарт оны ұнатпаса да, күні бойы жолдас бол, бірге келген соң, қондырмасқа болмайды. Қонағын үйіне кіргізеді де бойжеткен жалғыз қызы бар екен, соны оңаша шақырып алып:

- Шырағым, менімен бірге үйге бір жігіт келді, мейман ет! Бірақ сүйкімсіз мінезі бар. Сөзінде кесепаты зор адам, - дейді.

Қыз тамақ әкеліп беріп, қонақпен сөйлесіп көрсе, сөзі мағыналы, кескіні де ажарлы екен. Қыз: «Япыр-ау, өкеміңіз

айтқаны осы кісі ме, басқа жігіт пе?» - деген оймен әкесіне келеді де:

- Әке, сізбен еріп келген жолдасыңыз екі кісі ме, алде бір кісі ме? - дейді.

Әкесі:- Жалғыз кісі, - дейді.

- Үйде отырған қонақ сол ма? - деп, сұрайды қыз.

Әкесі:- Иә, сол, - дейді.

Қыз:- «Сөзінде кесепаты зор», - деген адамыңыз осы болса мұнан қаңдай кесепат көрдіңіз? - дейді.

Қарт:- Ойбай, шырағым, оның күні бойы сөйлеген сөзінде кесепатсыз бір сөз жоқ. Әуелі ол: «Жол қысқартайық» - деді. Мен: «Жол қалай қысқарады?» - деп едім. Ол: «Бірімізді-біріміз кезек арқалап отырайық», - деді.

«Ол мені, мен оны қалай арқаламақшымыз», - деп ойладым. Мұнысы былай тұрсын. Онан өтіп пісіп тұрған егінге кез келіп едік: «Ата, мына егін желініп қойған ба, желінбеген бе?» - деп сұрады. «Орылмай тұрған егінді кім жеп қояды?» - дедім мен. Бұл мұнымен тұрсын. Бір кісі өліп, оны табытқа салып, қойғалы апара жатыр екен, соны көре сала: «Ата, мына кісі өлген адам ба, өлмеген адам ба?» - дейді. Онан шығып келе жатыр едік: «Ата, жаңағы адам өлмеген екен», - деді. - Міне, мен оның осындай төрт кесепатты сөзін естідім, - дейді.

Сонда қыз тұрып:- Әке, бұл сөздер кесепатты сөздер емес, зор мағыналы сөздер. - Сіз оның айтқан сөзіне түсінбеген екенсіз. Оның бірінші - «Кезек арқаласып отырайық» - дегені: «Кезекке-кезек әңгіме айттып отырайық, жол қысқарсын» - дегені. Екінші: «Мына егін желінген бе, желінбеген бе?» - дегені: «Бәйбіккі ме, кедейдікіме?» - дегені. Бәйбіккі болса - өз көлігімен, кісі жалдап жыртып, өз тұқымын себеді, өнімін ертең өзі алады. Ал бұл желінбеген болып саналады. Кедейдікі болса, ол сорлы тұқымын несиеге сатып алады, жерді көлік жалдап жыртады да, түскен өнімі борыштан аспайды. Сондықтан ол шикідей жеп қойғанмен бір есеп болады. Үшінші: «Өлген адам ба, өлмеген адам ба?» - деп, сұрағаны: «Баласы бар ма?» - дегені. Ол өлген адамды қабірге салғанда оның балалары қабірдің басында, барлығы бүлініп жылап тұрған шығар, оны: «Өлмеген адам екен», - дегені сол болу керек. Артында қалған баласы бар адамның аты жойылмайды, сондықтан: «Ол өлмейді», - деген сөзі екен. Сіз ол жұмбағын шеше алмаған екенсіз, - деген соң, қарт өзінің қате ойлағанын сезеді де, жігіттің қолын алып:

- Мен сенің айтқан сөздеріңе түсіне алмай, ішімнен саған қатты ренжіп едім. Олай емес, сен ақылды жігіт екенсің. Мына менің қызыммен екеуіңнің ақылың тең, екеуің бірге өмір сүріңдер, - деп, қызын соған беріпті.

ЕРТЕГІЛЕР ЕЛІНЕН

## НАВАРЛАНДЫРУ

### Құрметті Ескелді ауданының тұрғындары!

Ескелді ауданының «Қазақтелеком»АҚ құрылыс мекемелерінің жер қазу жұмыстарының жүргізу барысында Қазақстан Республикасының байланыс желісін қорғау аймағында жұмыс жүргізуді реттейтін нормативтік актілерінің, атап айтқанда:

-05.07.2004ж. № 567 «Қазақстан Республикасының «Байланыс туралы» Заңының;

- ҚР Инвестициялар және даму министрінің 2014.24.12 №281 бұйрығымен бекітілген, «Қазақстан Республикасындағы телекоммуникация желісін қорғау ережесінің» бұзылып отырғанын жеткізеді.

Заңнама талаптарына сәйкес, байланыстың көбіл жеткілері арнажолында осы желілер бойымен жерасты көбіл жолының екі жағынан 2 метр қашықтықта орналасқан өзе байланысы желісінің тұйықталған сымдарынан немесе жерасты көбілінің жолынан өтетін қатарлас жатқан жер учаскесі түрінде қорғау аймақтары белгіленеді. Қорғау аймағында немесе байланыстың көбіл желілеріне жақын жерде қандай да бір жұмыс жүргізу үшін жұмыс басталар алдында 3 тәулік бұрын жазбаша рұқсат алып, барлық жұмыстарды тек байланыс кәсіпорны өкілінің қатысуымен орындау қажет.


Жоғарыда баяндалғандар негізінде кәсіпорын қызметкерлеріне көрсетілген нормативтік актілер талаптарын сақтау бойынша нұсқама жүргізуіңізді сұраймын. Түсіністікте болуға және телекоммуникация желілерінің бұзылымдарына жол бермеуге іс жүзінде ықпал ететініңізге үміт артамыз.

Ақпарат ретінде жұмысты бастар алдында:

-Қарабұлақ ауылы ЖДБ «Алматытелеком» ЖШТ өкілі 303-316, 32323, 31717, (8 708 463 30 00). телефондары арқылы шақыру;

- жұмыстан тыс уақытта жер қазуға байланысты байланыс желісінің қорғау аймағында шұғыл апат жұмыстарын жүргізу қажет болған жағдайда, 3-07-11 телефондары арқылы Қарабұлақ ауылы «Алматы-телеком» ӨТД Жедел кезекшілер учаскесіне (ЖКУ) телефон шалу қажет екендігін хабарлаймыз.

С.МЫРЗАХМЕТОВ,  
Текелі-Ескелді ЖТЦ бастығы



Меншік иесі:  
**«ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС**  
директор - бас редактор  
**Инкар Ерболқызы**  
**НҰРСҰЛТАНОВА.**  
Редакцияның телефоны 3-19-15

Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. «Алматы-Болашақ» ЖАҚ-ның Талдықорғандағы «Офсет» филиалының баспаханасында басылады. Баспахананың мекенжайы: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй.

Газет мекенжайы: индекс 040500 Қарабұлақ ауылы, Оразбеков көшесі, 31 үй.

Осы шығарылымның таралымы 1200 Тираж 1200 Тапсырыс 973 Көлемі 2 баспа табақ.

Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді. Опубликованнные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции. Компьютерная верстка Д.ДАУРЕНҚЫЗЫ